

## Қаржылық жағдай туралы есеп, млн теңге

	2020	2019	Өзгеріс	%
<b>Активтер</b>				
Негізгі құралдар	4 369 745	4 484 271	-114 526	-2,6
Ұзақ мерзімді банк салымдары	56 528	52 526	4 002	7,6
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компанияларға салынатын инвестициялар	6 471 021	5 590 384	880 637	15,8
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	1 279 570	1 314 823	-35 253	-2,7
Қысқа мерзімді банк салымдары	282 472	359 504	-77 032	-21,4
Ақшалай қаражат пен олардың баламалары	1 145 864	1 064 452	81 412	7,6
Өзге де ағымдағы активтер	1 001 569	1 208 351	-206 782	-17,1
Сатуға арналған деп сараланған активтер	46 518	7 604	38 914	511,8
<b>Активтер жиыны</b>	<b>14 653 287</b>	<b>14 081 915</b>	<b>571 372</b>	<b>4,1</b>
<b>Активтер жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>34 813</b>	<b>36 807</b>	<b>-1 993</b>	<b>-5,4</b>
<b>Капитал мен міндеттемелер</b>				
<b>Капитал жиыны</b>	<b>8 636 679</b>	<b>8 196 656</b>	<b>440 023</b>	<b>5,4</b>
<b>Капитал жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>20 519</b>	<b>21 424</b>	<b>-905</b>	<b>-4,2</b>
Ұзақ мерзімді қарыздар	3 716 892	3 584 076	132 816	3,7
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	966 341	862 741	103 600	12,0
Ағымдағы қарыздар	361 556	253 428	108 128	42,7
Өзге де ағымдағы міндеттемелер	971 819	1 185 014	-213 195	-18,0
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>6 016 608</b>	<b>5 885 259</b>	<b>131 349</b>	<b>2,2</b>
<b>Міндеттемелер жиыны, млн АҚШ долл.</b>	<b>14 294</b>	<b>15 383</b>	<b>-1 088</b>	<b>-7,1</b>
<b>Капитал жиыны мен міндеттемелер</b>	<b>14 653 287</b>	<b>14 081 915</b>	<b>571 372</b>	<b>4,1</b>
<b>Капитал жиыны мен міндеттемелер, млн АҚШ долл.</b>	<b>34 813</b>	<b>36 807</b>	<b>-1 993</b>	<b>-5,4</b>

## ҚАРЫЗДЫ БАСҚАРУ

Компанияның қаржылық міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан тұрады. Борышқорлық қоржын негізінен негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен қалыптастырылды. Тиісінше, туынды қаржы құралдарын пайдалану қажеттілігінсіз валюталық тәуекелді органикалық хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі.

## Жалпы қарыз

2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, теңгелік мәнде 6,3%-ке өскенін көрсетіп (долларлық мәнде 3,4%-ке төмендеу), 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жалпы қарыз 4 078 млрд теңгені (9 690 млн АҚШ долл.) құрады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткішпен салыстырғанда, 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы кепілдік міндеттемелер ескерілген жалпы қарыз теңгелік мәнде 5,0%-ке ұлғайып (долларлық мәнде 4,5%-ке төмендеу) 4 308 млрд теңгені (10 234 млн АҚШ долл.) құрады.

Жалпы берешектің 241 млрд теңгеге ұлғаюы негізінен шетелдік валюталардың АҚШ долларымен деноминацияланған облигациялар мен қарыздарға айырбастау бағамының ықпалымен байланысты. Бұл ретте долларлық мәндегі жалпы берешек, 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 10 030 млн АҚШ доллары деңгейіндегі көрсеткішпен салыстырғанда, 3,4%-ке төмендеп, 2020 жылғы 31 желтоқсанда 9 690 млн АҚШ долларын құрады. 2020 жылдың қаңтарында Атырау мұнай өңдеу зауыты ҚДБ-дан The Export-Import Bank of China-дан жаңа өңдеу объектілерін қаржыландыруға алынған валюталық қарызды қайта қаржыландыру үшін 46 млрд теңге мөлшерінде ұзақ мерзімді қарыз алды. 2020 жылдың мамырында ҚТГ жалпы сомасы 43,68 млн АҚШ долларын құрайтын облигациялардың номиналды құны бойынша мерзімінен бұрын ішінара өтеуін жүргізді (18 млрд теңге), ақшалай қаражатпен 41 млн АҚШ

<sup>1</sup> Бейнеу-Шымкент газ құбыры" (БШГ) 227 млрд теңге (540 млн АҚШ доллары) сомасындағы синдикатталған қарыз бойынша кепілдік міндеттемелердің номиналды сомасын, "АстанаГаз ҚМГ" АҚ 1,9 млрд. теңге (4,4 млн. АҚШ долл.) сомасындағы қарызы бойынша кепілдікті міндеттемелерді және 62 млрд. теңге (148 млн. АҚШ) сомасындағы жалдау бойынша міндеттемелерді қамтиды.

долл. мөлшеріндегі дисконттық баға бойынша соманы төледі (17 млрд теңге).

2020 жылдың қазанында Компания бір мезгілде 906,6 млн АҚШ доллары сомасына (392 млрд теңгеге тең) еурооблигацияларды мерзімінен бұрын толық өтеумен және 2022 және 2023 жылдары өтеу мерзімімен жылдық 3,5%-тік купон мөлшерлемесімен және 2033 жылы өтеу мерзімімен 750 млн АҚШ доллары сомасына (322 млрд теңгеге баламалы) еурооблигациялар шығарды. Халықаралық инвесторлар тарапынан айтарлықтай сұраныс "ҚазМұнайГаз" тарихындағы АҚШ долларындағы ең төмен кірістілікті белгілеуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, соңғы шығарылымның кірістілігі транзакция кезінде өтеу мерзімі 10 жылдан асатын еурооблигациялардың жаңа шығарылымдары үшін ТМД елдері эмитенттерінің арасында ең төмен болып табылады.


Нәтижесінде:

- ◆ ҚМГ сыртқы қарыздарын өтеу кестесі тегістелді;
- ◆ қазіргі уақытта Компанияда 2025 жылға дейін біржолғы ірі сыртқы өтеу төлемдер жоқ;
- ◆ борышқорлық жүктеме анағұрлым ұзақ мерзімді қарыз алу басым болатын бақыланатын деңгейде болады;
- ◆ ҚМГ үшін қарыз алудың орташа алынған құны төмендетілді;
- ◆ ковенант пакеті жақсартылды.


## Таза қарыз

ҚМГ-нің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза бөресігі 2 594 млрд теңгені (6 162 млн АҚШ долл.) құрады, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткіштен 9,9%-ке жоғары (долларлық мәнде 0,2%-ке төмендеу).


## Номинал бойынша қарызды өтеу кестесі, млн АҚШ долл.



## Жалпы қарыздың өзгеруі, млн АҚШ долл.



## Таза қарыз, млн АҚШ долл.



<sup>1</sup> Дөңгелектеу салдарынан сандар қосылмауы мүмкін.

<sup>2</sup> Өзгелері валютаны қайта есептеуді, бағамдық айырмадан түсетін пайданы/залалды, сыйақы есептеуді, сыйақыларды капиталдан-дыруды, басқа еншілес ұйымдардың негізгі бөресігін өтеуді және ұлғайтуды қамтиды.

<sup>3</sup> КМГ International несиелік желілерін, овердрафттарын және аванс беру бойынша міндеттемелерін қамтымайды